

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 161 шешімі және Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 334 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда N 4681 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 108-бабының 5-тармағына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қармақшы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінің шекарасы (шегі) босалқы жерлерден Жосалы кентінің шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің экспликациясы бойынша көлемі 3191 гектарды қосу арқылы жалпы көлемі 6870 гектар болып өзгертілсін.

2. "Жосалы кентінің шекарасын (шегін) өзгерту үшін қосымша жер бөлу туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 қарашадағы N 301 шешімі және Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 қарашадағы N 172 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы *Ә. Қошалақов*

Қармақшы аудандық мәслихатының кезекті

26-сессия төрағасы *М. Есқанов*

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы *М. Наятұлы*

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы "15" сәуірдегі N 334 қаулысына
және Қармақшы аудандық мәслихатының
2014 жылғы "15" сәуірдегі N 161 шешіміне

қосымша

**Жосалы кентінің шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің
экспликациясы**

N	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	оның ішінде (гектар):		басқа да жерлер
			ауыл шаруашылығы алқаптары		
			егістігі	жайылымдар	
1	2	3	4	5	6
1	Жосалы кентінің бекітілген шекарасы (шегі)	3679	61	2320	1298
2	Жосалы кентінің шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің көлемі	3191	-	2553	638
3	Жосалы кентінің шекарасы (шегі)	6870	61	4873	1936

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК